

- облыстық;
- республикалық (сырттай).

Байқау комиссиясының құрамына ұйым басшылары, жоғары білікті педагогтар, білім басқармасының мамандары және т.б. кіреді. Байқаудың комиссия мүшелері стратегиялық жоспарларды зерделейді, байқау жеңімпаздарын анықтайды. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады, олардың материалдары байқаудың келесі кезеңдеріне қатысу үшін жіберіледі.

Облыстық кезеңнің, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының қорытындысы, 2019 жылдың «20» қыркүйегінде шығарылады және жеңімпаздар байқаудың республикалық кезеңіне жіберіледі.

Байқаудың республикалық кезеңіне қатысушыларды тіркеу үшін білім басқармасы «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығына келесі байқаудың материалдарын ұсынуы тиіс:

- 1) облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары білім басқармаларының ілеспе хаты;
- 2) қоса беріліп отырған формаға сәйкес қатысу үшін өтінім (1-қосымша);
- 3) қоса берілген формаға сәйкес байқау қорытындысы бойынша ақпарат (2-қосымша);
- 4) әрбір облыстан, Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан екі үздік Стратегиялық жоспар (jpeg форматында сканерленген).

Материалдар «Мектепке дейінгі ұйымдардың ең үздік стратегиялық даму жоспары» байқауы атауымен rcdd_info@mail.ru электрондық поштаға 2019 жылғы «27» қыркүйектен кешіктірмей жіберіледі.

Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

4. Бағалау критерийлері

- жоспардың мектепке дейінгі ұйымдар қажеттіліктеріне сәйкес келуі;
- қолда бар қорлармен қол жетімді болуы;
- болжамды нәтижелердің нақты берілуі;
- жоспарды орындаудың нақты мерзімдерін айқындауы тиіс.

5. Қорытынды жасау, жеңімпаздарды марапаттау

«Мектепке дейінгі ұйымдардың ең үздік стратегиялық жоспары» республикалық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленді:

- I орын;
- II орын;
- III орын.

Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.